

**Ауылды (селолық) аймақта тұратын денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету ережелері туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 30 наурыздағы N 5-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 сәуірде N 1224 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 04-07/1933 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінің 02.04.2013 № 04-07/1933 хаты)**

"Қазақстан Республикасында агроөндірістік кешенді және ауылды (селоны) дамыту басымдылығы туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ кеңестік социалистік республикасының Заңына сәйкес аудандық Мәслихат сессиясы  
**Ш Е Ш Т І :**

1. Ауылды (селолық) аймақта тұратын денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету ережелері бекітілсін.

*V сессия III шақырымының төрағасы*

*Аудандық Мәслихат хатшысы*

" С е л о л ы қ	а й м а қ т а	т ұ р а т ы н		
д е н с а у л ы қ	с а қ т а у ,	б і л і м ,	ә л е у м е т т і к	
қ а м с ы з д а н д ы р у ,		м ә д е н и е т	ж ә н е	
с п о р т	б ө л і м д е р і н і ң		м а м а н д а р ы н а	
о т ы н	с а т ы п	а л у ғ а	к ө м е к	к ө р с е т у
б о й ы н ш а		е р е ж е л е р		т у р а л ы "
2 0 0 4	ж ы л ғ ы	3 0		н а у р ы з д а ғ ы
5 - 5	а у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң		ш е ш і м і м е н

**БЕКІТІЛГЕН**

**Селолық аймақта тұратын денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт бөлімдерінің мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету**

**ЕРЕЖЕСІ**

## **1. Жалпы жағдайлар**

1. Осы ережелер 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ советтік социалистік республикасының Қазақстан Республикасында ауыл (село) және аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің дамуларының басымдылықтары туралы»Заңын орындау барысында әзірленген.

2. Селолық аймақта тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мемлекеттік мекемелерінің мамандарына біржолғы ақшалай төлем (одан әрі әлеуметтік саладағы мамандарға ақшалай төлем) бір жылда бір рет тағайындалады және төленеді.

3. Әлеуметтік саладағы мамандарға заңсыз төленген сома заңнамада белгіленген тәртібі бойынша кінәлі тұлғалардың есебінен қалпына келтіріледі.

## **2. Тағайындау тәртібі**

1. Әлеуметтік саладағы мамандарға ақшалай төлем еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органына ұсынылған құжаттар негізінде тағайындалады:

- 1) бір жолғы ақшалай төлемдерді тағайындау туралы өтініш;
- 2) банкте ақша төлемін алушы салым бойынша есеп шотының нөмірін ашуға міндетті;
- 3) атқаратын лауазымы туралы мекемеден анықтама;
- 4) мекен жайын анықтайтын анықтама;

Осы ұсынылған құжаттар негізінде біржолғы ақшалай төлем беріледі.

2. Біржолғы ақшалай төлемдерді әлеуметтік аймақтағы мамандарға екі немесе одан көп бірге тұратын тұлғаларға осы Ережелердің қатысымен таратылуы әрқайсысына ұсынылады.

## **3. Қаржыландыру және төлем тәртібі**

1. Әлеуметтік саладағы селолық аймақта тұратын және жұмыс істейтін мамандарға осы жылғы осындай мақсаттарға көзделген ақша төлемдері жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## **4. Есеп жүргізу, бақылау және есеп беру тәртібі**

1. Біржолғы ақшалай төлемді беру бойынша бақылау және есеп беру, есеп жүргізу еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органына жүктеледі.

2. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органы

әр тоқсанның бірінші айының 10 күніне дейін, өткен тоқсандағы біржолғы ақшалай төлемге отын сатып алуға берілген сома бойынша екінші деңгейдегі банкпен салыстырып тексеру актіні құрастырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК